«Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті» РММ

«МАЭК» ЖШС БН-350 реакторлық қондырғысы бойынша ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы монополияға қарсы органның қорытындысы

24.01.2025 ж. Ақтау қаласы

Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментіне *(бұдан әрі-Департамент)* Маңғыстау облысы энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы Б. Қартбаевтан 17.01.2025 жылғы № 03-16-94 монополияға қарсы органның өндірісті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын беру туралы өтініш түсті «МАЭК» ЖШС БН-350 реакторлық қондырғысы бойынша ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді *(бұдан әрі-өтінішхат*).

Өтінішхат «ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі № 190/НҚ бұйрығына *(бұдан әрі – қағидалар)* сәйкес қаралды.

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» ЖШС (бұдан әрі – «МАЭК») «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» жарғылық капиталына қатысу үлесінің 100% - мемлекет иеленетін заңды тұлға болып табылады.

Кәсіпорынның құрылтайшысы «Маңғыстау облысының қаржы басқармасы» болып табылады.

Кәсіпорынның уәкілетті органы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына мемлекеттік қатысу үлесін облыстық коммуналдық меншікке қабылдау туралы Маңғыстау облысы әкімдігінің 14.12.2022 ж. no 253 қаулысы және тиісті қабылдау-беру актісі, серіктестіктің жарғылық капиталына мемлекеттік қатысу үлесінің 100% иелену және пайдалану құқығын «Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» болып табылады (бұдан әрі-жалғыз қатысушы).

Кәсіпорынның атауы: «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 7-өнеркәсіптік аймақ, 65-ғимарат.

Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мақсаты:

- Радиациялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы маңызды инфрақұрылымның стратегиялық объектісін ұстау.

- Мақсатты трансферт ретінде «МАЭК» ЖШС БН-350 реакторлық қондырғысын ұстау бойынша қызметтерге шарт жасасу.

Тауар нарығы мен оның географиялық шекаралары Маңғыстау облысының аумағымен айқындалған.

Бір көзден сатып алу тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің жоспарланған көлемі: 1 668 309,00 мың тенге.

Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көрсету кезеңі: 2025 жыл.

Негізгі бөлігі

Қағиданың 1 тарауының 7 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру кезінде *көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу жоспарланатын* тауар нарығы және оның географиялық шекаралары айқындалады.

Осыған байланысты, тауар нарығы және оның географиялық шекаралары Маңғыстау облысы аумағы болып анықталды.

Қорытынды бөлім

Өтініштхаты қарау барысында, Департаментпен мемлекеттік кәсіпорындар және заңды тұлғалар құрылатын тауар нарықтарына зерттеп-қарау жүргізу кезінде тауар нарығында жеке кәсіпкерлік субъектілерін анықтау мақсатында Маңғыстау облысы бойынша Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаментіне және Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне тиісті сұрау салулар жолданды.

Осы өтініштхатты қарау барысында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі *(21.01.2025 жылғы № 05-19/1582 хатында)* Қазақстан Республикасының аумағында «МАЭК» ЖШС жылдам нейтрондарда ядролық қондырғымен жұмыс тәжірибесі бар жалғыз кәсіпорын болып табылатыны туралы жауап берді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаменті *(23.01.2024 жылғы № 04-17/66 хатында)* хатыңызда көрсетілген «БН-350 реакторлық қондырғысын ұстау қызметін жүзеге асыратын және өнеркәсіптік радиоактивті қалдықтармен айналысатын» қызметтері ҚР ҰЖ 03-2019 «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші» (ЭҚЖЖ) қарастырылмағандығы туралы жауап берді.

Мемлекеттік органдар мен уәкілетті органның ұсынылған ақпаратына сәйкес радиациялық және өрт қауіпсіз жағдайда (БН - 350) аса маңызды

инфрақұрылымның (реакторлық қондырғының) стратегиялық объектісін күтіп-ұстау қызметтерін көрсететін субъектілер жоқ екені анықталды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Департамент Маңғыстау облысы бойынша келесі қызмет түрлері бойынша радиациялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы маңызды инфрақұрылымның стратегиялық объектісін ұстау және Мақсатты трансферт ретінде «МАЭК» ЖШС БН-350 реакторлық қондырғысын ұстау бойынша қызметтерге шарт жасасуқызметін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін ұқсас қызметтерді көрсету кезеңінде өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін хабарлайды.

Басшы м.а. **А. Есимханов**

Тексерді:
Бәсекелестікті дамыту
Бөлімінің басшысы **Д. Рахимова**

Орындаушы:
Бәсекелестікті дамыту
бөлімінің бас маманы **А. Бакытов**